

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 қаңтардағы N 124 қаулысына өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 20 қазандағы N 1066

"Маңғыстаумұнайгаз" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін сатуға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 29 қаңтардағы N 124 P970124\_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:  
2 - тармақ алынып тасталсын.

2. Қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы

Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі "Маңғыстаумұнайгаз" ашық акционерлік қоғамымен бірлесе отырып, бір ай мерзім ішінде аяқталмаған құрылыс объектілерін пайдалану жөнінде ұсыныс енгізісін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 20 қазандағы

N 1066 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасының күші жойылған деп

танылған кейбір шешімдерінің

ТІЗБЕСІ

1. "Маңғышлақ мұнай өңдеу зауыдының құрылысы туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 14 ақпандағы N 110 қаулысы.

2. "Маңғыстау мұнай өңдеу заводы құрылысының қосымша шаралары туралы" Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 14 қазандағы N 605 қаулысы.

3. "Жетібай-Куэст" бірлескен кәсіпорны туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 339 қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК